



2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль коды мен атауы	Кредиттердің жалпы саны	№	Пән коды және атауы	Пәннің академиялық кредиті	Цикл/компонент
1	GES -1 Жалпы білім беретін пәндер	36	1	GES 101 Қазақстан тарихы	5	ЖБП/ МК
			2	GES 102 Философия	5	ЖБП/ МК
			3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	8	ЖБП/ МК
			4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру (Тренаж класс)	8	ЖБП/ МК
			5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	ЖБП/ МК
			6	1. GES 106/1 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/ 2. GES 106/2 Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері/ 3. GES 106/3 Экономика және кәсіпкерлік негіздері/ 4. GES 106/4 Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу/ 5. GES 106/5 Эмоционалды интеллект 6. GES 106/6 Математикалық статистика негіздері	5	ЖБП/ ТК
2	GLC -2 Тілдік коммуникация	25	1	GLC 101 Қазақ (Орыс) тілі	10	ЖБП/ МК
			2	GLC 102 Шетел тілі	10	ЖБП/ МК
			3	GLC 203 Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі	5	БП/ЖК
3	GER – 3 Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер	22	1	GER 201 Инклюзивті білім беру	6	БП/ ЖК
			2	GER 302/2 Ғылыми зерттеулер негіздері	10	БП/ ЖК
			3	GER 303 Кәсіби этика және сәйкестік	6	Бейіндеуші пән / ЖК
	BChD – 4 Негізгі хореографиялық пәндер	41	1	GPS 202 Педагогика және дидактика	6	БП/ ЖК
			2	BChD 201/1 Халық сахналық биін оқытудың теориясы мен әдістемесі BChD 201/2 Халық сахналық бидің тренажы	10	БП/ТК
			3	BChD 202/1 Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі BChD 202/2 Дәстүрлі қазақ биінің көркем мәдениеті	10	БП/ТК



			4	ВChD 303/1 Классикалық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі ВChD 303/2 Классикалық биінің тренажы	5	БП/ТК
			5	ВChD 204/1 Тарихи-тұрмыстық биді оқытып үйретудің теориясы мен әдістемесі ВChD 204/2 Ырғақ	6	Бейіндеуші пән /ТК
			6	ТР 102 Оқу практика	2	БП/ ЖК
			7	ТР 203 Оқу практика	2	БП/ ЖК
5	MPD – 5 Кәсіптік пәндер модулі	56	1	MPD 101 Фортепиано	5	БП/ ЖК
			2	MPD 102 Қазақ және шетел хореографиясының тарихы	6	БП/ ЖК
			3	MPD 203 Актер шеберлігі	6	Бейіндеуші пән /ЖК
			4	MPD 304 Классикалық биді оқыту	5	БП/ ЖК
			5	MPD 305 Халық сахналық биді оқыту	10	БП/ ЖК
			6	MPD 306 Қазақ биін оқыту	10	БП/ ЖК
			7	MPD 307/1 Қазіргі заман хореографиясы MPD 307/2 Street-dance	10	Бейіндеуші пән /ТК
			8	РР 308 Өндірістік практика	4	БП/ ЖК
6	РОС – 6 Тәжірибеге бағытталған курс	37	1	РОС 401/1 Хореографиялық ұжыммен жұмыс істеу әдістемесі РОС 401/2 Арт менеджмент	5	БП/ ТК
			2	РОС 402/1 Би композициясы РОС 402/2 Би импровизациясы	10	Бейіндеуші пән /ТК
			3	РР 403 Өндірістік практика	20	Бейіндеуші пән / ЖК
			4	Р(Р)Р 404 Дипломалды (өндірістік) практика	2	Бейіндеуші пән / ЖК
7	М (PS) – 7 Минор	15	1	Пән 1	5	БП/ ЖК
			2	Пән 2	5	БП/ ЖК
			3	Пән 3	5	БП/ ЖК
8	ҒА – 8 Қорытынды аттестаттау	8	1	WDDP(Р)РСЕ 404 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	8	ҚА
БАРЛЫҒЫ:		240			240	



2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

GES-1 Жалпы білім беретін пәндер							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль адамның өмірі мен жұмысының барлық салаларында ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін міндетті пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер философияның дамуы және рефлексия әдістемесінің ғылымның дамуына әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдайды.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GES 101 Қазақстан тарихы	ЖБП/МК	5	Пәннің мақсаты – студенттерге Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы білім беру болып табылады. Оқыту нәтижесінде студенттер: Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдері туралы білімдерін және түсінігін көрсетеді; өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен салыстырады; қазіргі Қазақстанның тарихи процестері мен құбылыстарын зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгереді; қазіргі қазақстандық даму моделінің имманенттік ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне біледі; Қазақстан тарихындағы тарихи құбылыстар мен процестерді жүйелейді және сыни тұрғыдан бағалайды.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер; Топтық жұмыс; Менталды карта әдісі	ОН 11	Эсселер, презентациялар, ауызша емтихан
2	GES 102 Философия	ЖБП/МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде философияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен болашақ кәсіби іс-әрекеттер контекстінде оларды зерттеу әдістері туралы тұтас түсінігін қалыптастыру болып табылады. Философияның	Рольдік ойындар, іскерлік ойындар, жобалар әзірлеу; тренингтер; миға шабуыл	ОН 2	Тест; эссе талқылау



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттайды.			
3	GES 103 Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу жағдайында студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Студенттер осы пәндердің өзара байланысын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастар, мәдени құндылықтар мен саяси жүйеге әсерін білетін болады. Пән аналитикалық ойлауды, сыни тұрғыдан ойлау мен күрделі әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілетін дамытады, сонымен қатар студенттердің толеранттылығы мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.	Кейстер; презентациялар, диаграммалар; сұрақ-жауаптар; топтық жаттығулар; интербелсенді әдістер	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест; кейс талдау; презентация корғау; мақалаларды, баяндамаларды талқылау
4	GES 1(2)04 Дене шынықтыру (Тренаж класс)	ЖБП/ МК	8	Пәннің мақсаты классикалық бидің негізгі қимылдарын үйрену және практикалық орындау. Бұл курста студент классикалық бидің терминологиясын, корпустың, басты ұстауды, классикалық бидегі қол, аяқ позицияларын үйренеді, негізгі қимылдарды орындау әдістемесін, оларды байланыстырушы элементтермен үйлестіруді және орындаудың біртіндеп күрделенуін меңгереді (курсқа сәйкес). Нәтижесінде студент классикалық бидің терминологиясы мен негіздерін біледі және орындаушылық шеберлікке ие болады.	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 10	Практикалық көрсетілім. Дифференциалды сынақ.
5	GES 205 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін дамыту болып табылады. Студенттер ақпараттық ресурстарды іздеу және бағалау, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Проблемалық оқыту әдісі; дискуссиялық (пікір-талас) әдісі; жобалау әдісі; кейс-стади	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест, Жоба



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				және технологияны пайдалана отырып тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Олар алған білімдерін есептерді шешуде қолданады, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда сыни тұрғыдан өздігінше ойлай алады.			
6	GES 106/1 Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	ЖБП/ ТК	5	Курс құқықтық сауатты, заңға бағынатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттер өздерінің құқықтары мен міндеттерін біледі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады. Студенттер өз қызметінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, құқықтық және этикалық нормаларын қолдана алады. Курс заңдылық түсініктерін, этикалық қағидалары мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаларын дамытады.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер	ОН 3	Эсселер; презентациялар; жазбаша емтихан
	GES 106/2 Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері			Пән студенттердің заманауи экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастырады, өмір қауіпсіздігі үшін техникалық құралдар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін арттыру әдістерін қолдану дағдыларын дамытады. Пән әртүрлі деңгейдегі ұйымның экожүйелері қызметінің, тұтастай биосфераның негізгі заңдылықтарын, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасында туындайтын қайшылықтарды, сондай-ақ табиғат пен экологияға ұқыпты қарау қажеттігін айқындайды	Кейс, фишбоун, Т кестесі, "ДЖИК СО" әдісі, "Венн диаграмма" әдісі, "Кластер" әдісі	ОН 1	Ауызша сауалнама. Эссе. Емтихан (жазбаша, тест)
	GES 106/3 Экономика және кәсіпкерлік негіздері			Пән студенттердің кәсіпкерлік дағдылары мен іскерлік ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер экономиканың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын, оның ішкі және сыртқы ортасының заңдылықтарымен жан-жақты танысу арқылы бизнес-жоспар, жеке бизнесті құру және өз бизнесін сәтті жүргізу дағдыларына ие болады	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; методы Фишбоуна; гостевые лекции; Метод проектов	ОН 1	Эсселер, презентациялар, жобалар, тест
	GES 106/4 Көшбасшылық			Пәнді игеру арқылы әрбір студент жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиеттерін ашу және	Төңкерілген оқыту, жағдаттық	ОН 1	Ауызша (кейстерди шешу)



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

	негіздері және инновацияларға бейімделу			дамыту, инновациялық үдерістерден туындаған жаңалықтарға бейімделу дағдыларын дамыту, сонымен бірге ғылыми-техникалық үдерістер нәтижелерін кәсіби қызметінде қолдана алу мүмкіндіктеріне үйренеді. Басқарудағы көшбасшылық қасиеттер мен адами фактордың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын оқып біледі	(ситуативное) оқыту (Кейс жинау), технологиялық оқыту (Padlet тақта, канва қосымшасы, комикстер, кахоот, т.б.)		
	GES 106/5 Эмоционалды интеллект			Пән Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағдарлары мен басым бағыттары контекстіндегі педагогтың тьютор рөлін игеруіне бағытталған. Студенттер қазіргі мектептің білім беру процесіндегі эмоционалды интеллекті мен «икемді құзыреттіліктердің» орнын анықтайды. Икемді дағдыларды, соның ішінде оны цифрлық ортада дамытуды ескере отырып, білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдана алады. Әртүрлі жастағы оқушылардың эмоционалды интеллектісін бағалау мен дамытудың технологияларын меңгереді.	рөлдік ойындар; оқу дискуссиялары; кейс-стади; жобалау әдісі	ОН 2	Критериалды бағалау әдісі; Жоба қорғау
	GES 106/6 Математикалық статистика негіздері			Пәннің мақсаты - студенттерді жүйелі ойлаудың формалары мен заңдылықтарымен таныстыру, студенттерді жүйелі ойлауға үйрету, оларда негізделген дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Студенттер деректерді жинау, өңдеу және идеялар ұсыну процесін түсінеді, қарастырылатын объектінің немесе құбылыстың жағдайын бағалауда деректерді сандық және сапалық талдауды қолдану дағдылары қалыптасады.	түсіндіру, кейс стади, топпен және жұппен жұмыс	ОН 2; ОН 3	Жазбаша емтихан

GLC-2 Тілдік коммуникация

Модуль сипаттамасы: Модульді меңгеру барысында студенттерде қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Студенттер жазбаша және академиялық жазылым тұрғысында ауызша сөйлеудің практикалық дағдыларын дамытады.



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GLC 101 Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП/ МК	10	Пән қазақ (орыс) тілінде тілдік дайындықты дамытуды жалғастыруға бағытталған. Пәннің мақсаты – тілді сенімді меңгеру, оны кәсіби және оқу мақсатында қолдана білу болып табылады. Студенттер нақты бір тілде сауатты және тиімді сөйлеу дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, грамматикалық және орфографиялық сауаттылығын, академиялық жазу дағдыларын жетілдіреді.	АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары	ОН 2	Тест
2	GLC 102 Шетел тілі	ЖБП/ МК	10	Пәннің мақсаты – студенттердің әртүрлі мақсатта шетел тілінде сөйлеу дағдыларын кеңейту және нақтылау болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер шетел тілінде тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика дағдыларын жаттықтырады және жетілдіреді, тұлғалық және кәсіби әлеуеттері байытады. Пәнді оқу барысында студенттердің мәдени ой-өрісі кеңейеді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.	Коммуникативтік, АКТ технологиялары;	ОН 2	
3	GLC 203 Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі	БП/ЖК	5	Пән студенттердің ғылыми стильдің жанрлық түрлері туралы білімін қалыптастырады, кәсіби қызмет саласында ақпарат пен деректерді жинаудың, сақтаудың және өңдеудің заманауи әдістерін меңгертеді, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің оқу, сөйлеу, жазу, тыңдау сияқты төрт түрі бойынша академиялық байланыс дағдыларын дамытады.	RWCT стратегиялары, мазмұнды талдау технологиялары	ОН 3; ОН 9	Эссе

GER – 3 Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер

Модуль сипаттамасы: Модуль пәндері кәсіби қызметте қолданылатын жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Студенттер жаһандық инклюзивті қоғам құруды құндылық ретінде қабылдайды және оны құру мен қолдауға үлес қосады. Студенттер кәсіби саладағы ғылыми зерттеулермен, мәліметтерді жинау мен талдаудың негізгі әдістерімен, мінез-құлықтың кәсіби этикасымен және кәсіби саладағы зерттеулермен танысады. Студенттер өздерін кәсіби саланың өкілімен



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

сәйкестендіреді және байланыстырады және өзінің кәсіби дамуын жоспарлайды, кәсіби құзыреттіліктерін дамыту және еңбек нарығындағы құндылықты арттыру үшін өмір бойы білім алуға ынталанады.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GER 201 Инклюзивті білім беру	БП/ ЖК	6	Пән студенттердің әрбір мүшесі өзінің құндылығы мен маңыздылығын сезінетін инклюзивті қоғам қағидалары туралы түсінігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты физиологияны, анатомияны жақсы біледі, жасерекшелік физиологиясы туралы терең білімге сүйене отырып, танымдық дағдылардың қағидаларын түсінеді, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасай алады, инклюзивті білім беру ортасын құрудың стратегияларын біледі және оны жүзеге асыра алады.	Мәселелік - бейімдеушілік оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті оқыту, интербелсенді оқыту, мәселелік дәріс, іскерлік ойын, педагогикалық жағдаяттарды шешу, топтық және жеке жоба, презентация, реферат	ОН 1; ОН 8	Ауызша және жазбаша емтихан, топтық және жеке презентация, топтық және жеке жоба, тест
2	GER 302/2 Ғылыми зерттеулер негіздері	БП/ ЖК	10	Пән болашақ маманның кәсіби қызығушылықтары аясында зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Студенттер зерттеудің негізгі сапалық және сандық әдістерін біледі, ғылыми әдебиеттерді талдай алады, қажетті құралдарды пайдалана отырып, өздерінің шағын көлемді (small-scale) зерттеулерін жобалауға және жүзеге асыруға қабілетті. Студенттер деректерді өңдей алады және көпшілікке ұсыну үшін зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде құрастыра алады.	презентация, ғылыми әдебиетпен жұмыс	ОН 1; ОН 2; ОН 9; ОН 10; ОН 11	Ауызша емтихан
3	GER 303 Кәсіби этика және сәйкестік	Бейіндеуші пән / ЖК	6	Пәннің мақсаты – студенттерді кәсіби педагогикалық ортада қабылданған көзқарастармен, құндылықтармен, білімдермен, сенімдермен және дағдылармен таныстыру. Студенттер педагогикалық немесе басқа да қызмет аясында көшбасшылық және белсенділік дағдыларын, Қазақстанның ұлттық және мәдени	Пікір талас әдісі; Кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади	ОН 1; ОН 8; ОН 11	Жазбаша емтихан



				құндылықтарына деген сүйіспеншілігін дамытады, кәсіби этикамен танысады, оны құндылық ретінде қабылдай отырып, қатаң сақтауды үйренеді. Студенттер мансап жолын жоспарлай отырып, өзін-өзі талдау және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады.			
--	--	--	--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--

ВChD – 4 Негізгі хореографиялық пәндер

Модуль сипаттамасы: Кешен хореография мамандығының студенттерін классикалық, халықтық-сахналық, қазақ биі сияқты базалық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесін меңгеруге үйретуді көздейді. Болашақ педагог-қосымша білім беру, өнер мектептері, балалар, мектеп және мектепке дейінгі мекемелердің маманы хореография негіздерін білу кешенін меңгеруге міндетті. Оқытуда практикалық дағдыларды қалыптастыруға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мән беріледі. Болашақ хореограф бидің негізгі түрлерін орындаудың жоғары деңгейіне ие болады. Теориялық білімді практикада қолданады. Болашақ хореографтың қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілікке ие. «Негізгі хореографиялық пәндер» модулінің бағдарламасын игерудің нәтижесі білім алушылардың өз қызметін ұйымдастыруды, кәсіби міндеттерді орындау әдістері мен тәсілдерін анықтауды, олардың тиімділігі мен сапасын бағалауды меңгеруі болып табылады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	GPS 202 Педагогика және дидактика	БП/ЖК	6	Пәннің мақсаты - ғылым ретінде педагогика туралы жалпы түсінік пен зерттеуге бағытталған оқыту концепцияларын қалыптастыру. Студенттер педагогика ғылымының дамуының тарихи алғы шарттарын меңгереді, дидактиканың негізгі заңдылықтары мен қағиаларын түсінеді. Студенттер цифрлық құралдарды пайдалана отырып, өзекті ғылыми ақпараттарды іздеуді және талдауды жүзеге асырады, педагогика мен дидактиканың іргелі негіздеріне сүйене отырып, өз көзқарасын білдіруге қабілетті.	Проблемалық оқыту, SWOD талдау, жағдаяттық оқыту, RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 7	Тест
2	ВChD 201/1 Халық сахналық биін оқытудың теориясы мен әдістемесі	БП/ТК	10	Пән халықтық-сахналық би қимылдарының сипатын, мәнерін және орындау стилін игеруге бағытталған. Студент халық билерін орындау тарихын, мәнерін және сипатын зерттейді. Қолдың, аяқтың және бастың негізгі позицияларын игереді. Станокта қозғалыстарды	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 5; ОН 10; ОН 11.	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан.



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				орындау әдістемесі мен құру принциптері туралы алғашқы білім алады. Залдың ортасында халықтық бөлімнің билерін, оқу этюдтарын үйренеді. Оқу процесінде оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдайды, одан әрі кәсіби қызмет үшін қажетті практикалық дағдыларға ие болады.			
	ВChD 201/2 Халық сахналық бидің тренажы			Курс халық билерін музыкалық және мәнерлі орындау дағдыларын дамытуға бағытталған. Студент би қимылдарында және жалпы композицияда музыкалық екпін мен интонацияны білдіруді үйренеді. Би сипатын орындау мәнері арқылы жеткізу. Икемділікті, дененің қозғалғыштығын, кейіптердің табиғилығын, жұптық билердегі «қарым-қатынасты», ұлттық ерекшеліктер сезімімен көзқарасты дамыту. Курс соңында студент академиялық бөлімнің орындаушылық және көркемдік дағдыларын өндірістік тәжірибеде қолданады.	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 5; ОН 10; ОН 11.	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан.
3	ВChD 202/1 Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі	БП/ТК	10	Курстың мақсаты қазақ биінің бөлімдерін зерделеу. Қазақ халық биінің шығу тегі, оқу-әдістемелік, танымдық әдебиеттерге әдеби шолу. Студент қазақ дәстүрлі музыкасының музыкалық ерекшеліктерін, күнделікті билердің негізгі қимылдары мен элементтерін зерттейді, орындаушылық дағдыларды және қазақ биінің мінезі мен мәнерін меңгереді. Курстың нәтижесінде студент қыздар мен ерлер қазақ биі сипатында залдың ортасында экзерсис жасау әдістері мен принциптерін білетін және меңгеретін болады.	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 5; ОН 10; ОН 11.	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан.
	ВChD 202/2 Дәстүрлі қазақ биінің көркем мәдениеті			Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 5; ОН 10; ОН 11.	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім.	



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				қоюда ауыз әдебиетін қолдануды меңгереді. Домбыра, қобыз күйлерін зерттеп, қазақ билерін музыкамен сүйемелдеуде сауатты қолданады. Ұлттық салт-дәстүрлерді, ою-өрнектердің мазмұнын түсініп, бірегей хореографиялық қойылымдарды қоюда пайдаланады.			Шығармашылық емтихан.
4	ВChD 303/1 Классикалық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі	БП/ТК	5	Бұл пәннің мақсаты классикалық биді оқыту теориясы мен әдістемесін зерттеу болып табылады. Студент классикалық бидің негізін қалаушылардың әдістемелік жұмыстарының теориялық аспектілерін зерттейді және талдайды. Білім алушы станокта, залдың ортасында, allegro-да экзерсистің реттілігін, сондай-ақ байланыстырушы элементтер мен диагональ бойынша айналуды біледі. Курс нәтижесінде студент алған теориялық білімдерін классикалық би әдістемесін практикалық іс-әрекетте қолданады.	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 10; ОН 11.	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан.
	ВChD 303/2 Классикалық биінің тренажы			Бұл пәннің мақсаты студентті хореографиялық білім берудің кәсіби пәндеріне дайындау болып табылады. Партердегі классикалық тренажердің элементтерін, классикалық би жаттығуларын, станоктағы және залдың ортасындағы экзерсистің мәні мен дәйектілігін біледі. Арқа мен аяқтың бұлшық еттерін нығайтуға, күш, серпімділік, бұлшықет жады және созылуға бағытталған қосымша жаттығуларды қолдана алады. Классикалық би жаттығуларын орындау кезінде үйлестіру мен музыкалықты меңгереді.	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 10; ОН 11.	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан.



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

5	ВChD 204/1 Тарихи-тұрмыстық биді оқытып үйретудің теориясы мен әдістемесі	БП/ТК	6	Пәннің мақсаты-ХVI-ХIХ ғасырлардағы негізгі элементтерді, орындау стилі мен мәнерін, күнделікті билерді игеру. Бағдарлама аясында студент күнделікті бидің қалыптасу тарихымен және дамуымен, әр түрлі дәуірлердегі және қоғамның әлеуметтік топтарындағы билерді орындау және оқыту әдістемесін практикалық игерумен танысады. Білім алушы мынадай дағдыларды меңгереді: орындаудың стилі, мәнері мен сипаты сезімдері; біледі: қимылдарды орындаудағы әртүрлі дәуірлердің айрықша белгілері, бидегі тиісті аксессуарлар, сондай-ақ өзіндік қойылымдық жұмысты іске асыру кезінде зерттеу тәжірибесін алады.	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 10;	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан.
	ВChD 204/2 Ырғақ			Пән мақсаты- студенттердің дене икемділігін дамытып, музыка мен ырғақты балет гимнастикасы арқылы дамыту. Шығармашылық қиялды, музыкалық есту қабілетін, зейін мен есте сақтау дағдыларын дамыту. Курстың соңында студент классикалық бидің партерлік (еден арқылы) сабағын біліп, қимылдарды музыка арқылы үйлестіре алады.	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 10;	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан.
6	ТР 102; ТР 203 Оқу практика	БП/ ЖК	4	Оқу практикасы болашақ кәсіби қызметпен танысуға бағытталған. Сондықтан алғашқы оқу практикасы университет қабырғасында өтеді. Тәжірибе барысында болашақ хореографтар алдымен сабаққа қатысады, содан кейін сабақ процесін дербес талдайды. Алынған алғашқы тәжірибе мен білім кәсіби тәжірибеде қолданылады.	Аналитикалық, ізденушілік, ақпараттық	ОН 10	Ауызша есеп



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

MPD – 5 Кәсіптік пәндер модулі							
<i>Модуль сипаттамасы:</i> Модульдің мақсаты-болашақ хореограф маманын мәдени және өнер мекемелерінде хореография мұғалімінің қызметінде педагогикалық тұрғыдан құрылған оқу процесін құру мен ұйымдастырудағы білім мен шеберлік дағдылармен қаруландыру. Білім алушылар би өнері арқылы оқытудағы көмекші пәндердің негізгі принциптері мен әдістерін үйренеді. Болашақ кәсіби қызмет үшін хореографиядағы педагогика мен психология негіздерін меңгереді. Бұл модуль хореографияның заманауи бағыттары, қазақ биінің мұрасы мен кәсіби хореографиялық пәндерді оқыту туралы білім жүйесін саналы және берік игеруге бағытталған, осы негізде бидің орындаушылық қабілеттер мен эстетикалық талғам қалыптастырылып дамытады. Кәсіби құзыреттілікке ие болу болашақ хореографқа қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.							
№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	MPD 101 Фортепиано	БП/ ЖК	5	Студент аспаппен танысады, пернетақтаны, нота жазуы мен саусақпен жұмыс істеу ережелерін меңгереді. Динамикалық реңктерді, штрихтарды, қарқындарды анықтауға, пернелермен және негізгі музыкалық өлшемдермен танысады. Білімалушы әуендерді меңгереді, ноталарды ойнайды және орындаудың мәнерлілігімен жұмыс істейді.	Практикалық сабақ. Жүйелі оқыту. Жеке әдіс.	ОН 5; ОН 11.	Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан
2	MPD 102 Қазақ және шетел хореографиясының тарихы	БП/ ЖК	6	Курс аясында студенттер хореографиялық өнердің пайда болу кезеңінен бүгінгі күнге дейін танысады. Хореография өнерінің, шетелдік және отандық балетмейстерлердің, орындаушылардың шығармашылығы мен спектакльдерінің даму кезеңдерін саралайды. Өз ойларын әлемдік және ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тұжырымдайды. Хореографиялық өнер саласындағы ғылыми әдебиеттерден дәйексөздер келтіреді және оны сыни тұрғыдан талдайды. Алған білімдерін тәжірибеде және зерттеу жұмысында қолданады.	Дәріс. Коспект жасау. Презентация. «Мозговой штурм», Семинар-пікір талас	Он 1; ОН 2; ОН 5;	Тест
3	MPD 203 Актер шеберлігі	Бейіндеуші пән /ЖК	6	Курс өзін-өзі сезімталдық дағдысын басқаруды, көрермен алдында еркін мінез-құлықты қалыптастырады. Курс барысында сахналық мінез-құлық негіздерін, ойлау мен қиялды дамыту әдістері, актерлік элементтердің қалыптасуы зерттеледі. Топтық жұмысқа бейімделеді. Өз ойын	Көрсету. Жүйелі оқыту.	ОН 4; ОН 8; ОН 10	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				білдіруді, тұжырымдауды біледі. Сахна мәдениеті мен сөйлеу этикеті кәсіби түрде қалыптасады.			
4	MPD 304 Классикалық биді оқыту	БП/ ЖК	5	Бұл пәннің мақсаты классикалық биді оқытудың педагогикалық әдістемесі мен әдістерін игеру. Пән балет қойылымдарының музыкалық материалын қолдана отырып, техникалық күрделі элементтерді зерттеуді қамтиды. Студент оқу-әдістемелік әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, оқу комбинациялары мен демонстрациялық сабақтарды құра алады, содан кейін ғылыми-зерттеу қызметінде талдайды және қолданады. Классикалық бидің негізін қалаушылардың педагогикалық принциптері мен әдістеріне сүйене отырып, жас категориялары мен оқу жылын ескере отырып, классикалық би сабағын құра алады.	Көрсету. Түсіндіру. Жүйелі оқыту. Ішінара ізденушілік. Аналитикалық әдіс.	ОН 4; ОН 7; ОН 10	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан
5	MPD 305 Халық сахналық биді оқыту	БП/ ЖК	10	Курс халықтық-сахналық биді оқытудың принциптері мен әдістерін зерттеуді қамтиды. Студент оқу комбинациялары мен этюдтерін құрастыра алады, оларды әрі қарай талдау мен тәуелсіз практикалық сабақтарда модельдейді. Би нөмірін қою кезінде ол музыкалық материал мен хореографиялық лексиканы тандай алады, би композициясын драмалық түрде құрып, қойылымда өз ойларын нақты жеткізе алады. Сабакты өз бетінше практикалық жүргізу, бағдарламалық материалды баяндау және жеке оқу жоспарын жасау дағдыларын меңгереді.	Көрсету Түсіндіру. Жүйелі оқыту. Ішінара ізденушілік. Аналитикалық әдіс.	ОН 4; ОН 7; ОН 10	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан
6	MPD 306 Қазақ биін оқыту	БП/ ЖК	10	Курс қазақ биі педагогикасының қалыптасуы мен дамуын зерттеуге бағытталған. Қазақ биі мектептерін оқытуды ұйымдастырудың принциптері мен әдістерін зерттейді. Қазақ биінің жетекші педагогтарының лексикалық стилистикасы мен жұмыс сипатын меңгереді. Станок жанындағы комбинацияларда үйренген	Көрсету. Түсіндіру. Жүйелі оқыту. Ішінара ізденушілік. Аналитикалық әдіс.	ОН 4; ОН 5; ОН 7; ОН 10	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				қимылды егжей-тегжейлі талдап, күрделі қимылдарды меңгереді. Шығармашылық жұмыстың нәтижесінде тәжірибеге бағытталған іс-әрекетте қажетті креативті және сыни ойлауды қолдана алады.			
7	MPD 307/1 Қазіргі заман хореографиясы	Бейіндеуші пән /ТК	10	Қазіргі хореографияның теориясы мен әдістемесін зерттеу, орындау техникасын жетілдіру. Табиғи қозғалыстың негізгі принциптерін, тұжырымдамаларын талдау, белсенді рефлексия процесіне қатысу және кәсіби өсу үшін өзінің педагогикалық тәжірибесі туралы талдау жасау қабілеттерін үйретеді. Қазіргі заманғы хореография негіздеріне, жан-жақты білімге және оның пәндік саласын түсінеді. Дененің құрылымын және оның қозғалыстағы рөлін біледі, алған білімдері мен дағдыларын өзінің кәсіби және педагогикалық қызметінде қолдана алады.	Көрсету.Түсіндіру. Жүйелі оқыту.	ОН 5; ОН 10	Ауызша жауап. Практикалық көрсетілім. Шығармашылық емтихан
	MPD 307/2 Street-dance			Бұл курс хип-хоп, фанк, брейк-данс, R&B және басқа да көптеген көше стильдерін қамтитын би бағдарламасын зерттейді. Курс көше билерінің пайда болу, қалыптасу және даму жолдары туралы білім береді. Курс барысында техникалық күрделі қозғалыстарды, комбинацияларды құрастыруды меңгереді. Техникалық жағынан күрделі орындаушылық лексиканы меңгерген және алған білімдерін би жобаларын жасау кезінде қолданады. Жаңа білімге, ақпаратқа ашық және өзінің кәсіби іс-әрекетінің нәтижелерін бағалай біледі.			
8	PP 308 Өндірістік практика	БП/ ЖК	4	Практика студенттердің қолда бар ақпаратты өз бетінше талдау, іргелі проблемаларды анықтау, заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, әдебиет көздерін іздеу; нәтижелерді талдау және ғылыми-зерттеу зерттеулерінің нәтижелерін	Өзара оқыту әдісі, аналитикалық, іздеу, ақпараттық	ОН 3; ОН 6; ОН 7; ОН 8; ОН 10.	Презентацияларды қорғау түріндегі ауызша есеп және жазбаша



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				кәсіби ресімдеу, ұсыну және баяндау дағдыларын қалыптастырады.			есеп-күнделік тапсыру.
--	--	--	--	----------------------------------------------------------------	--	--	------------------------

РОС – 6 Тәжірибеге бағытталған курс

Модуль сипаттамасы: Модульдің мақсаты-студенттерді хореографиялық бағыттағы көркемөнер ұжымының қызметін ұйымдастыру және басқару әдістемесімен, репетициялық-қойылымдық жұмысымен таныстырады. Көркем хореографиялық ұжымның мақсатын, міндеттерін, әлеуметтік функцияларын зерттейді. Ұжым құру және басқару жөніндегі басшының қызметінің функционалдық аспектілерін меңгереді. Ұжымдардың әртүрлі формаларымен танысады. Хореографиялық сабақтар мен қойылымдық іс-әрекеттерді құрудың теориялық негіздерін зерттейді. Тұтастай алғанда жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуде орындаушылық және техникалық дағдылар, моральдық-этикалық және адамгершілік қасиеттер қалыптастырылатын болады. Өз денесін игеруді, қозғалыс мәдениетіне үйретуді біледі. Шығармашылық қабілеттерін, музыкалық және физикалық мүмкіндіктерін, қиялды, креативті және сыни ойлауды, қиял мен қиялды дамытады. Жалпы өнер саласындағы ой-өрісін кеңейтеді, әртүрлі халықтар мен ұлттардың би мәдениетіне, әртүрлі бағыттарды біледі.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	РОС 401/1 Хореографиялық ұжыммен жұмыс істеу әдістемесі	БП/ ТК	5	Курс хореографиялық ұжыммен жұмыс істеу әдістемесі, оның қызметі процесіндегі мақсаттары мен міндеттері туралы білім алуға арналған. Хореография сабақтарында өнердің негізгі іс-әрекеттерінің өзара байланысының маңыздылығын түсінеді. Балалармен жұмыс істеудің педагогикалық принциптерін, әдістерін, инклюзияны, білім алушылар топтарының әртүрлі жас санаттарына сараланған көзқарасты, сондай-ақ мәдениет пен өнердің қосымша білім беру мекемелерінде сабақ, жылдық күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар жасауды зерделейді. Педагогикалық процесті біледі, шығармашылық ұжымда оқу-тәрбие, қойылым-дайындық жұмыстарын ұйымдастыра алады.	Өзара оқыту әдісі, аналитикалық, іздеу, ойын, «Мозговой штурм», Презентация.	РО 3; РО 6; РО 7; РО 10.	Ауызша шығармашылық емтихан. Презентация
	РОС 401/2 Арт менеджмент			Курстың мақсаты-арт-индустриядағы Менеджмент және маркетинг негіздерін зерттеу. Шетелдік және отандық арт-менеджменттің қалыптасуы, дамуы туралы білім алады. Шоубизнесі, өндірістің мәнін, нормативтік-құқықтық заңдарды, бюджеттік және шаруашылық есеп	Өзара оқыту әдісі, аналитикалық, іздеу, ойын, «Мозговой штурм», Презентация.		



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

				<p>ұйымдарының менеджменті мен маркетингін біледі. Мәдениет және өнер мекемелері басшысының басқарушылық-ұйымдастырушылық қызметі туралы білім алады. Арт-индустрия саласындағы менеджмент және промоушн білімдерін қолдана отырып, шығармашылық идеяны жобалауды және іске асыруды біледі. Шоу-бағдарламаларды, гастрольдік іс-шараларды және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру технологияларын меңгерген. Алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады.</p>			
2	<p>РОС 402/1 Би композициясы</p>	Бейіндеуші пән /ТК	10	<p>Курстың мақсаты студенттерді әр түрлі жастағы орындаушыларға кез-келген жанр мен стильдегі би қойылымдарын қоюға үйрету. Композицияның драматургиялық заңдылықтарын зерттейді және би либреттосын жазады. Ол музыкалық материалды, костюмді, атрибуттарды таңдай алады және оларды би қойылымдарында қолданады. Оқыту нәтижесінде кәсіби - шығармашылық қызмет үшін режиссерлік - балетмейстерлік жұмыс дағдысына ие болады.</p>	Шығармашылық, Ізденушілік, Қойылымдық, Репродуктивті әдіс.	ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 10.	Концерттік бағдарлама. Шығармашылық емтихан.
	<p>РОС 402/2 Би импровизациясы</p>			<p>Бұл курс жалпы би өнерінде жұмыс істеу кезінде шығармашылық тәсілді қалыптастыруға арналған. Пәннің негізгі ерекшелігі студенттерге нақты әдістемелік негізінде шығармашылық еркіндік беру болып табылады. Олар болашақта білім алушылардың жұмысында кеңінен түсіндіріледі. Сонымен қатар, олар қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды және адам бастан кешіретін психологиялық жағдайларды көрсету үшін би қимылдарын сәтті қолдана отырып, өздерінің шығармашылық жобаларын жасайды.</p>	Шығармашылық, Ізденушілік, Қойылымдық, Репродуктивті әдіс.	ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 10.	Концерттік бағдарлама. Шығармашылық емтихан.



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

3	РР 403 Өндірістік практика	Бейіндеуші пән / ЖК	20	Практиканың мақсаты: оқу процесінде алынған негізгі кәсіптік пәндер бойынша теориялық және практикалық білімді бекіту. Студенттердің шығармашылық белсенділігі мен бастамасын, олардың көркемдік-шығармашылық қажеттіліктерін және эстетикалық дүниетанымын дамыту. Болашақ педагог-хореограф тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттері мен психикалық қасиеттерін осы бейіндегі қызметкерлерге қойылатын заманауи талаптарға сәйкес қалыптастыру, таңдалған мамандыққа деген қызығушылықты дамыту.	Өзара оқыту әдісі, аналитикалық, іздеу, ойын, «Мозговой штурм», Презентация.	ОН 4; ОН 6; ОН 7; ОН 8 ОН 10.	Ауызша, жазбаша есеп, презентация. Концерттік бағдарлама.
4	Р(Р)Р 404 Дипломалды (өндірістік) практика	Бейіндеуші пән / ЖК	2	Дипломалды практиканың мақсаты студентке өзінің ғылыми зерттеулерін жазуға және қорғауға, мамандығы бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсыруға сапалы дайындалу. Өз жұмысында пайдалану және түсіндіру үшін материалдарды таңдау және зерттеу; кәсіпорын өндірісінің ерекшеліктерімен, оның ұйымымен танысу; дипломдық жобаның практикалық бөлігі мен қойылым-шығармашылық жұмыс үшін қажетті зерттеулер жүргізу.	Шығармашылық, Ізденушілік, Аналитикалық.	РО 3; РО 9.	Ауызша, жазбаша есеп.

М (PS) – 7 Минор

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	М (PS) Пән 1	БП/ ЖК	5				
2	М (PS) Пән 2	БП/ ЖК	5				
3	М (PS) Пән 3	БП/ ЖК	5				



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты

ФА – 8 Қорытынды емтихан							
1	WDDP(P)PCE 404 Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ҚА	8	Білім алушыларды қорытынды аттестаттау-білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген пәндерді меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.	презентация, ғылыми әдебиетпен жұмыс	ОН 1; ОН 2; ОН 9; ОН 10; ОН 11	Дипломдық жұмысты қорғау жұмыс/жоба, емтихан



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және Өнер институты